



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Талхатбеков Рахат Қайратұлы

dana-phd@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.Б. Бюлегенова

Бүгінгі таңда әлемде этникалық және этносаралық процесстердің күрделенуі байқалады. Кез-келген саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе дінге қатысты оқиғалар этникалық сипат алуда. Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлуді талап ететін этносаралық қатынастар әр алуандылығымен ерекшеленеді. Яғни көп ұлтты мемлекеттің басым міндеті – ұлтаралық қатынастарды оңтайландыруы, халықаралық қатынастар объектілерінің өзара әрекет етуінің ең қолайлы нұсқаларын іздестіру және жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан дүниежүзілік деңгейде полиэтникалық, көп конфессиялы елдер қатарына жатады. Қазақстан тәуелсіздік жылдары өзінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуында нақты жетістіктерге қол жеткізді.

Этнос гректің «*ethnos*» - тайпа, халық деген мағына беретін сөзінен шыққан. Этнос терминінің негізгі тарихи түрі – «тайпа», «ұлыс», «ұлт», «халық» ұғымын қамтиды. Адам ұжым болып, этностық бірлестік болып тіршілік етеді. [1, 48б.] Тарихшы ғалым Л.Н.Гумилев «Халықтар қалай пайда болады және жоғалады» деген еңбегінде дүние жүзіндегі халықтардың пайда болу, өсу, өркендеуін және олардың біртіндеп өшіп, жоғалу заңдылықтарын диалектикалық тұрғыда тарих, география және биология ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, этнос туралы ғылыми анықтама жасады. Л.Н.Гумилев этнос туралы ұзаққа созылған әр түрлі түсінік-анықтамаларға тоқталып, біреулер «этнос дегеніміз – шығу тегі бір халықтар», екінші біреулер – «этнос – тілдің бірлігіне негізделген мәдениеттің тууы», ал үшіншілері – «этнос бір-біріне ұқсас адамдар тобы», төртіншілері – «этнос – сана-сезімдері бір адамдар тобы», бесіншілері – «этнос – белгілі бір қоғамдық формациядағы адамдардың шартты түрде топтасқан тобы» десе, ал алтыншылары «этнос – табиғаттың сыйы, этнос – әлеуметтік категория» дейді [2, 216 б.].

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ел аумағында Қазақстан азаматтығына ие болған этнос өкілдерінің өзара тату- тәтті өмір сүріп, ортақ бір тудың астында бас қосып, бейбіт өмір кешуінің алғышарты – ел этносаясатын тұрақтыландырып, экономикасының еңсесін көтеріп, тұрғын халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету. Көп ұлтты мемлекеттің басты міндеті – ұлтаралық қатынастарды оңтайландыру, халықаралық қатынастар объектілерінің өзара әрекет етуінің ең қолайлы нұсқаларын іздестіру және жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандағы ұлттық мәселенің шешімдерін халықтар арасындағы татулық пен сенімді нығайту арқылы табуға болатынын біздің басты бағытымыз» деп, ымыраға келтіретін жолдарды іздестіру және біріктіретін бастамаларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтарды дамыту ісіне негізделуге тиіс екенін атап көрсетті. Демек, ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы ең алдымен түрлі ұлттық топтар мүддесін ескерту және ең бастысы сол мүдделердің үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз ету [3]. Бүгінгі таңда, республикада этносаралық қатынастар саласында қақтығыссыз дамудың объективті шарттары бар деп санауға негіз бар. Осы жағдайды қамтамасыз еткен басты факторлардың бірі – республиканың егемендігі жарияланған сәттен бастап қалыптасқан Қазақстан мемлекеттігі болып табылады. Оның құрамына мемлекеттік құрылыстың нысаны және саяси режимнің тұрпаты кіреді. Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларының эволюциялық-тұрақты сипатында мемлекеттік құрылысын біртұтастығы үлкен рөл атқаратыны сөзсіз.

Сондықтанда, біртіндеп жүзеге асырылып жатқан мемлекет тұтастығының біртұтастық принципі қоғамды ұлтаралық қақтығыстардан, тіпті реформалар саясатының тоқтап қалуымен жіктеулерден сақтайтын саяси-құқықтық іргетас болып отыр. Еліміздің егемендікке ие болу кезеңінде Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуы этникалық фактордың едәуір ықпалын сезінді. Полиэтносты Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы этникалық саны – сезімнің, этникалық топтар мүддесінің өзгеруімен қатар өтті. Осы кезде қабылданған заңдар мен нормативтік – құқықтық актілер көп жағдайда республиканың этникалық саясатының негізін қамтиды. Қазақстандағы тұрақтылықтың сенімді кепілі – барлық қазақстандықтарға тән қасиет: төзімділік пен сыйласымдылық сезімі. Полиэтносты Қазақстан үшін осы мәселенің «Қазақстан – 2050» жылға дейінгі стратегиялық дамуында аса маңызды ескеріліп, қоғамның ішкі саяси тұрақтылығы мен бірігуі ұлттық қауіпсіздіктен кейінгі маңызды міндет деп айқындалған [4]. Қазір мемлекетімізде қазақстандықтардың этносаяси ортақастығы негізінен әртүрлі ұлт-өкілдерінің арасында жаңаша қарым-қатынас түрлері қалыптасып келеді. Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік-мәдени процесстері мыналарды қамтып отыр:

- соңғы жылдары қалыптасқан әлеуметтік қатынастардың жүйесі;
- қоғамның рухани оның ішінде парасаттылық деңгейі;
- мәдениет саласындағы болып жатқан келелі өзгерістер;
- қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, конструкциялық және құқықтық өзгерістер;

- мемлекетті басқару жүйесінің түрлері мен әдістері және оның іске асырылуы. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Аталған бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Ұлт Көшбасшысының бастамасымен іргесі қаланған Қазақстан халқы Ассамблеясы халықтың арасында бірлік-береке мен ынтымақты сақтауда өзгелерге үлгі боларлықтай қазақстандық жол.

Ел басының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - мақаласында - сананы мағынасыз, мақсатсыз жаңғырту турасында емес, ұлттық болмыстан, ұлттық қабілет-қарымнан айырылып қалмай, осыны әлемдік байлықпен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы мәселе анық көтеріліп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Арутюнян Ю.В., Дробижеева Л.М. Этносоциология: пройденное и новые горизонты // Социс - 2009. №4. -230 стр.
2. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. -М.: «Издательство АСТ», 2001. -560 стр.
3. Н.А. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» Алматы, 2001ж.
4. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан
5. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру «Егемен Қазақстан» 2017 жылғы 12 сәуір.